## ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

# Ант қабылдады

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бірінші курс курсанттары салтанатты түрде Қазақстан халқына адал болуға ант берді.

Шара барысында бірінші курс курсанттарына ішкі істер органдарының қызметкері екенін ресми белгілейтін жеке куәлігі берілді.

Рәсімге келген Қостанай облысының Ардагерлер кеңесінің төрағасы К. Укин және Академияның Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б. Мұқажанова курсанттарды құттықтады.



Еліміздің барлық облысынан келген ата-аналарға Академия курсантарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама барысында спортпен айналысатын курсанттар өздерінің қоян-қолтық күресі және музыкалық аспаптарда ойнау шеберліктерін көрсетті.

Салтанатты іс-шараның соңында Академия бастығы полиция генерал-майоры М. Қызылов бірінші курс курсанттарының ата–аналарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында ата-аналардың Академия басшылығына сұрақтарын қоюға мүмкіндігі болды.

**Д. ӘЛЖАНОВА.**

(әлеуметтік немесе микроәлеуметтік) қалыпты реакция ретінде көрінеді, ал әлеуметтік педагогтың міндеті – балаға оның проблемаларын шешуге көмектесу, мінез-құлқында ауытқушылықты тудыратын себептерді уақытында жою.

Девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың бағыттары, формалары мен әдістері өз алдына әр түрлі бағыттарды қамтиды. Бірінші кезекте бұл әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын профилактикалық жұмыс. Біздің мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқының алдын алу жүйесі бойынша бірінші кезекте келесідей шараларды қамтиды: балалар мен жасөспірімдердің отбасы, тұрғылықты жері, оқу орны бойынша өзінің жақын ортасымен қарым-қатынасын үйлестіруге мүмкіндік беретін, тәрбиелеу ортасын құру; ата-аналарды балалармен және жасөспірімдермен байланысты проблемаларды шешуге үйрететін әртүрлі бейіндегі мамандардан қолдау топтарын құру; психологиялық, педагогикалық, сондай-ақ, қажет болса, медициналық көмек көрсету. Бұл аталған шаралардың барлығы, ең алдымен, «қауіп тобындағы» баларуді мектептің әлеуметтік педагогы М.Абрамова жүзеге асырады.

Тәрбиелік - алдын алу жұмыстарын құрудағы негізгі құжат – барлық педагогтар білетін және тамыздық педагогикалық кеңесте қабылданған жыл сайынғы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі. Сонымен қатар, оқу жылы бойы алдын алу жұмыстары тақырыптық акциялар, операциялар, айлықтар, алдын алу күндері шеңберінде жоспарланады және орындалады, мысалы, «XXI ғасыр - есірткісіз ғасыр», «Қадағалаусыз қалу», «Назар аударыңыз, отбасы», «Саламатты өмір салты үшін» және т. б. «Қауіп тобындағы» балалармен жылдар бойы қалыптасқан алдын алу жұмыс жүйесі өз нәтижесін беруде: құқық бұзушылық саны төмендеді, суицид жағдайлары жоқ, есепке қойылған оқушылар саны азайды.

Бірақ қол жеткізген жетістіктермен тоқтауға әлі ерте, сондықтан біз осы бағытта әрі қарай нәтижелі жұмыс жасайтын боламыз.

**А.ГОШОВСКАЯ,**
**Д.ТАЙЖАНОВА,**
**директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары.**
**А.ФАЙРУШИНА,**
**мектеп психологы.**


Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

**Редакцияның мекенжайы:**
**110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 9169. Тапсырыс 2557
Нөмірдің кезекші редакторы Жандос ЖҮСІПБЕК.